ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2023 жылғы 07 желтоқсан №7119-23-00-2/13529 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
1. Жеке кәсіпкер «Baqytty Otbasy» Нурлыбекова Гулнар Сырбековна;
2. «Республиканский Учебный Центр «ПАРАСАТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкерлер жеке кәсіпкер «Baqytty Otbasy» Нурлыбекова Гулнар Сырбековна, «Республиканский Учебный Центр «ПАРАСАТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Baqytty Otbasy» Нурлыбекова Гулнар Сырбековна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Республиканский Учебный Центр «ПАРАСАТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 10.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 16.01.2024, судья Бакишев А. Б., 25.02.2024
7119-23-3-1/13367

Жауапкер жеке кәсіпкер «Baqytty Otbasy» Нурлыбекова Гулнар Сырбековнадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Республиканский Учебный Центр «ПАРАСАТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 10.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.01.2024, судья Бакишев А. Б., 25.02.2024

7119-23-3-1/13367